

3 Г.Аль-Кусейбидің саудтық саяси истеблишмент бойынша әріптесі, Жоғары білім министрі Х.Аль-Анкаридін мәлімдеуінше: «Бұл жылы (2002 г.– автор), Сауд Арабиясының орта мектебтерін 200 мың, ал өткен жылы – 175 мың оқушы бітірді. Егер осы тәлімгерлердің бірнешеуі кейінгі уақытта лаңкестікпен айыпталса, онда барлық саудтық мектеп дайындығының жүйесін «лаңкестіктің қайнар көзі» деп айыптау шарт емес...» – Вазир ат-таалим аль-али ас-саудий: Хальфийят Фукуяма ля туъаххилоху ли тафсир аль-ислям (Сауд Арабиясының жоғары білім министрі: Фукуямаға исламды толық түсіну үшін білімі жетпейді). – Айн-аль-Якин, 8 ақпан 2002. – <http://www.ain-al-yaqeen.com/>

4 Ас-Саудийя туақид фи аль-муатамар аль-ислямий фи Тахран анна аль-ирхаб ля дин ляху (Тегерандағы Ислам Конференциясы ұйымының сыртқы істер министрлері кеңесінде Сауд Арабиясы терроризмде дін жоқ екендігін ашық мәлімдейді). – Аш-Шарк Аль-Аусат, 2 наурыз 2003. – <http://www.asharqalawasat.com/>

5 Калима Аль-Мамляка Аль-Арабийя Ас-Саудийя амам ад-даура ат-тариа ли вузара аль-хариджийя Муназзамат аль-муатамар аль-ислямий хауля аль-ирхаб (Ислам Конференциясы ұйымының сыртқы істер министрлерінің төтенше сессиясындағы Сауд Арабиясының ресми өкілінің сөзі). – <http://www.mofa.gov.sa>.

6 Ихтитама аль-иджтимаа ат-тариа ли-ль муатамар аль-визарий аль-ислямий (Мұсылман

елдері министрлері кеңесінің төтенше сессиясының аяқталуы). – Аль-Джазира, № 10605, 11 қазан 2001. – <http://iplog4.suhuf.net.sa/>

7 Уляма ад-дин ас-саудийюн юталибуна би мухараба аль-ирхаб аль-фикрий (Саудтық заңгерлер идеялық терроризммен күресуді талап етеді). – аш-Шарк ал-Аусат, 9 мая 2003. – <http://www.asharqalawasat.com/>

8 Найеф ханзада пресс-конференцияда терроризмді жоюдағы корольдіктің позициясы туралы сөйлеген сөзі. – Аль-Джазира, № 10595, 1 қазан 2001/ – <http://iplog4.suhuf.net.sa/>  
\*\*\*

Данная статья посвящена проблемам Саудовской Аравии противодействия терроризму и исламскому экстремизму. Далее в статье рассматриваются основные меры которые будут способствовать повышению реальной эффективности в деле борьбы с терроризмом и религиозным экстремизмом в Королевстве Саудовской Аравии. Статья актуальна и интересна для широкого круга читателей.

\*\*\*

This article is devoted to the problem of opposition to terrorism and Islamic extremism. Further in article the basic measures which are considered will promote increase of real efficiency in ways of fighting against terrorism and religious extremism in the Kingdom of Saudi Arabia. The topic is actual and recommended to the general public.

## Б. Күрмансейіт

### ЖАПОНИЯ МЕМЛЕКЕТІНІҢ БҰҰ РЕФОРМАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Жапония екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде ел конституциясының 9-шы бабына сәйкес дәйекті түрде пацифистік ұстанымдарға негізделген саясат жүргізіп келе жатқаны белгілі. «Жапония соңғы 60 жылдан астам уақыт арасында зеңбірек түгілі, қарапайым мылтықтан да оқ атып көрген жоқ», - дейді мемлекеттің тұрақты түрде жүргізіп отырған бейбіт саясаты жайында жапондық саясаткерлер. Сонымен қатар жапон саясаткерлері соңғы кездері ел экономикасының мемлекеттің сыртқы саяси жүйесіндегі алар орнына халықаралық қоғамдастықтың назарын

аударып жүр. Жапон саясаткерлері халықаралық мінбелерден әлемнің көптеген елдері мен аймақтарына экономикалық көмек көрсету арқылы Жапонияның ғаламдық бейбітшілікті қамтамасыз етуге қосқан үлестері туралы ғана емес, сондай-ақ БҰҰ және тағы да басқа халықаралық ұйымдарға құйып отырған қаржыларының көлемі туралы да жиі айтып жүр. Мысалы, БҰҰ-ның бюджетіндегі Жапонияның үлесі АҚШ-тан кейінгі екінші орында болса, бұл Ұлыбритания, Франция, Қытай және Ресей сияқты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері болып табылатын

мемлекеттердің жалпы үлесінен артық болып отыр.

Дегенмен батыс елдері Жапонияның жүргізіп отырған мұндай саясатын «йеналық дипломатия» деп айыптап, халықаралық сахнада шешуші дауысы мен салмағының жоқтығынан бұл елді «экономикалық алып болғанымен, саяси ергежейлі» деп сынап жататыны рас. Әсіресе, Жапония үкіметі 1991 жылы АҚШ бастап, батыс мемлекеттері қостаған парсы шығанағындағы соғысқа 13 млрд. доллардан тұратын қаржылай қолдау көсеткеніне қарамастан, сол мемлекеттерден алғыс орнына тағы да катал сын естуге мәжбүр болған еді. Бұл жолы батыс елдері соғыс алаңында жапондық әскерилердің болмағанын меңзеп, Жапонияның әріптес ел ретіндегі үлесінің жеткілікті деңгейде болмағанын сынға алған еді.

Батыстың мұндай көзқарасы Жапония үкіметін мемлекеттің сыртқы саясат жүйесіне өзгерістер енгізуге итермеледі. Қазіргі таңда Жапония гуманитарлық көмекпен қатар ғаламдық бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық шараларға тікелей қатысып отыр. Ирак провинцияларының шаруашылық жүйесін қалпына келтіруге Жапонияның өзін өзі қорғау күштерінің 550 өкілінің жіберілуі, Ауғанстан бағытында пайдаланып жатқан батыс елдерінің әскери кемелерін жанармаймен жабдықтау мақсатында Үнді мұхитына жіберілген кемелер мен теңіз қарақшыларымен күресу мақсатында Сомалиге жіберілген кемелер бұған айғақ бола алады /1, 4/.

Айта кететін бір жайт, жалпы Жапония бұған дейін де БҰҰ бағдарламалары бойынша шет мемлекеттерге қаржылай көмекпен қатар кәсіби мамандарын жіберіп, халықаралық дәрежеде белсенділік танытып келе жатқаны белгілі. Мысалы, Комбоджа (UNTAC бағдарламасы бойынша, 1300 адам), Мозамбикті (ONUMOZ бойынша 160 адам), Руанда (140 адам), Голан шоқысы (UNDOF бойынша 800 адам), Шығыс Тимор (UNTAET бойынша 2300 адам) сияқты мемлекеттерді қалпына келтіруге

Жапония үкіметі көптеп көмек көрсеткен болатын /2/.

Міне, осы және басқа да, мысалы, ядролық қаруды таратпау мен қысқарту саласындағы, сондай-ақ ресми үкіметтік көмек бағдарламалары арқылы дамушы елдерге көрсетіп келе жатқан қаржылай және гуманитарлық көмектері сияқты Жапония үкіметінің белсенділігі мемлекеттің халықаралық деңгейдегі саяси дәрежесінің елдің экономикалық потенциалына лайықты деңгейде болуына артығымен жетіп жатыр дегенге саяды жапондық саясаткерлердің айтулары. Ал Токио үшін лайықты деңгейдегі саяси дәреже деген не десек, ол БҰҰ аясындағы Жапонияның алар орны болып саналады. Олай болса, Жапонияның қазіргі таңдағы сыртқы саясат жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі ол БҰҰ-ның басты құрылымдық мекемесі болып табылатын Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болып кіру мәселесі екенін аңғару қиын емес. Алайда, БҰҰ-ның қазіргі жарғысына сәйкес, Қауіпсіздік Кеңестің құрамына өзгерістер енгізу үшін БҰҰ-ның барлық мүшелерінің үштен екісі мен Қауіпсіздік Кеңестің барлық тұрақты мүшелерінің толықтай келісімі қажет екенін ескерсек, Жапония мемлекеті үшін көздеген мақсатқа жету оңай шаруа болмай отырғаны анық.

Сондықтан, Токио өз дегеніне жету мақсатында аталмыш мәселеге басқа қырынан келіп, әлем елдерін жалпы БҰҰ-ның өзін реформалауға шақырып отыр. Ал бұл мекемені реформалау заманның талабы екенін ешкім жоққа шығарып отырған жоқ екенін ескерсек, Жапонияның бұл ұстанымы әлемнің көп елдерінің ұстанымымен ұқсас болып отыр. БҰҰ-ны реформалауды жақтаушылар оның қазіргі таңдағы жарғысы мен Қауіпсіздік Кеңесінің құрамы өткен ғасырдың ортасындағы екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде құралғанына әлем назарын аударып, бүгінгі күннің талабына жауап бере алмай отырғанын бір ауыздан алға тартып отыр. Жапония 1946 жылы құрылған Қауіпсіздік Кеңестің құрамы заманға сай емес екенін ескеріп, ғаламдық түрлі деңгейдегі қоқан-лоқы мен қауіп-

кәтерлерге қарсы тұру, халықаралық лаңкестік пен планетарлық көлемдегі табиғи апаттармен күресу сияқты қазіргі таңдағы жаңа мәселелерге төтеп беру үшін Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшелерінің санын көбейту керектігін айтып отыр.

БҰҰ екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 51 ғана мемлекеттен құралған болса, ал қазіргі таңда бұл ұйымға 192 мемлекет мүше болып отыр. Алайда, әлемнің қазіргі таңда күрделі өзгерістерді басынан өткізіп отырғанына қарамастан, БҰҰ-ның негізгі құрылымдары сол баяғы екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткердерге ғана жоғарғы дәреже беріп, әлемнің жаңа тәртібін белгілеп берген Ялта конференциясының нәтижелеріне негізделіп отыр.

Мұны көптеген мемлекеттердің басшыларымен қатар БҰҰ басшылығы да мойындап отырғаны белгілі. 2003 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 58-сессиясы аясында өткізілген баспасөз конференциясында БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Кофи Аннан «Біз халықаралық жүйенің дағдарысын бастан кешудеміз, БҰҰ шұғыл түрде түбегейлі реформалауды қажет етуде» деген болатын. Кофи Аннан сондай-ақ 2004 жылы 15 қыркүйекте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігін айтқан еді. Оның бұл баяндамасы әлем елдері арасында аталмыш кеңестің тұрақты мүшесі мәртебесіне ие болу жолындағы күрес пен қатал бақталастықтың басталуына әкеп соққан болатын.

Сөйтіп, 2004 жылы 22 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 59-сессиясында Жапонияның сол кездегі Премьер-министрі Д.Коидзуми өз елінің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүшелікке қол жеткізу ниетін ресми түрде жариялаған еді. Осыдан бастап Жапония әлемнің ең дамыған елдерінің бірі ретінде ғана емес, сондай-ақ БҰҰ-ның басты қаржылай демеушілерінің бірі ретінде үздіксіз өз ұстанымын жалғастырып келеді. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүше мәртебесіне ие болу Жапониядан әлем елдерінде жүргізіліп отырған әскери шараларға белсенді түрде қатысуды талап етіп, осыған байланысты елдің бейбіт

конституциясының өзгертілуі мүмкін деген алаңдаушылықты жапон саясаткерлері жоққа шығарып, Жапонияның мұндай мәртебеге ие болуға тырысуы конституцияны өзгерту мәселесіне ешқандай қатысы жоқ екенін айтып келеді. Керісінше, Жапония ядролық қаруы бар бес державадан тұратын Қауіпсіздік Кеңеске ядролық қарудың зардабын шеккен әлемдегі жалғыз ел болғанмен, өзінде ядролық қаруы жоқ бейбіт мемлекет ретінде кіруге талпынып отырғанына баса назар аудартып отыр /3, 155/.

Алайда, Жапонияның бұл саладағы басты бақталастары да өздерінің Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болып кіру ниеттерін маңызды себептермен түсіндіріп отырғаны белгілі. Мысалы, Германияның ұстанымы Жапонияның ұстанымына ұқсас болса, ал Үндістан өзінің миллиардқа жуық халқы және тез дамып келе жатқан жоғары технологиялары мен ядролық қаруы бар мемлекет екенін, Бразилия болса Латын Америкасындағы ең ірі мемлекет екенін алға тартып, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болуға үмітті екендерін айтып келеді. Сонымен қатар Индонезия өзінің ең көп мұсылман халқы бар мемлекет ретінде Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшесі болуын қаласа, ал Италия тұрақты мүшелікті бір елден екінші елге ауысу құқымен Еуропалық одаққа жеке бір тұрақты орын берілу қажеттігін айтып отыр. Сондай-ақ Мысыр, Нигерия және ОАР сияқты тағы үш Африка мемлекеті өз құрлықтарының өкілі ретінде Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшелігін талап етіп отырғаны белгілі. Ал Пәкістан, Оңтүстік Корея сияқы 20 елден тұратын тұратын мемлекеттер тобы Қауіпсіздік Кеңесті кеңейтуге қарсылық танытып отыр. Мысалы, Пәкістан Үндістанның бәсекелесі ретінде, ал Қытай мен Оңтүстік Корея Жапонияның бұрыннан келе жатқан саяси бақталасы ретінде бұл елдердің Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болуларына үзілді-кесілді қарсылық танытып отыр.

Қазіргі таңда Қауіпсіздік Кеңеске он мемлекет екі жылға тұрақсыз мүше ретінде сайланатыны белгілі. Жапония соңғы елу

жылда тұрақсыз мүше ретінде он рет сайланып отыр және бұл БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі тарихында ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр. Бұл Жапонияның әлемдегі бейбітшілікті сақтау ісіне қосқан үлесін БҰҰ басшылары мен халықаралық қауымдастықтың мойындап отырғанының айқын айғағы дейді жапондық саясаткерлер.

Ал расына келсек, Жапонияның Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшелігін талап етуі оның БҰҰ-ға бөліп отырған жылдық жарнасының көлеміне негізделіп отырғаны жасырын емес. Жапония БҰҰ-ға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайта бастаған 70-жылдардың басынан бастап Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшесі мәртебесін алуды көздеп келе жатқаны белгілі. Сол кездегі БҰҰ-ға құйылатын Жапонияның қаржылай жарнасының көлемі ұйым бюджетінің 7,2%-ын құрап, АҚШ пен КСРО-дан кейінгі үшінші орынды иеленсе, бұл көрсеткіш 1986 жылы 10,8%-ға жетіп, содан бері Жапония бұл көрсеткіш бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иеленіп келеді /4/.

Ал енді Жапония нендей мақсатпен Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болуды көздеп отыр деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Бұл елдің осындай табандылықпен өзінің экономикалық дәрежесіне сай халықаралық мәртебеге ұмтылуының астарында халықаралық және жаһандық деңгейдегі себептер жатқаны анық.

Жапонияның қазіргі таңдағы ең маңызды және өзекті сыртқы саяси мәселелерінің бірі көрші жатқан Ресеймен территориялық мәселелерді шешу болып отыр. Алайда, қазіргі таңда Токионың қолында екіжақты қарым-қатынастар жүйесі болсын немесе халықаралық деңгейде болсын Ресейге ықпал жасай алатын не экономикалық, не саяси құралдың жоқ екені рас. Сондықтан, Жапония үшін Ресеймен «солтүстік территориялар» мәселесін өздеріне тиімді түрде шешудің амалы тек вето құқығы бар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде халықаралық деңгейдегі ресейлік мүдделерді оқшаулау арқылы ғана мүмкін болып көрініп отыр.

Сондай-ақ, әрбір мемлекет сияқты Жапония үшін де ең маңызды сыртқы саяси міндеттердің бірі халықаралық мәселелерді неғұрлым мемлекетке зиянын тидірмей шешу болып саналады. Әсіресе тағы бір үлкен көрші мемлекет болып табылатын Қытаймен саяси-экономикалық және территориялық мәселелерді тиімді түрде шешу Токио үшін қазіргі таңдағы ең өзекті мемлекеттік мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Ал ол мақсатқа тағы да сол БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде әлемдік деңгейдегі қытайлық мүдделерге шектеу қою арқылы ғана жетуге болады.

Алайда, неғұрлым Жапония әлемдік қауымдастыққа өзінің Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болуға лайық мемлекет екенін дәлелдеуге тырысқан сайын, соғұрлым Қытай түрлі сылтаулармен қарсылық көрсетіп келеді. АҚШ Жапонияның одақтасы ретінде бұл мәселе бойынша оны қолдайтын сынай танытып отырғанымен, Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің өзімен тең тұрақты мүшесіне айналып, халықаралық сахнада дербес саясат жүргізуі оның мүддесіне сай келмесі анық. Әлбетте, Ресейдің де Жапониямен халықаралық деңгейдегі саяси билікті бөлісуге ниеті жоқ екені белгілі. Бір сөзбен айтқанда, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қазіргі тұрақты мүшелерінің ұстанымдары Жапонияның аталмыш кеңеске тұрақты мүше болу жолында басты кедергі болып отыр /5, 201/.

Жапония үшін Қауіпсіздік Кеңестің тұрақты мүшесі болу мемлекеттің ішкі саясатының да негізгі мәселелерінің бірі болып отыр. Әсіресе, 1990 жылдардан бастап ел экономикасындағы қиындықтарды ескерер болсақ, жапон халқы үкіметтің халықаралық ұйымдарға бөліп отырған Жапонияның қаржылай жарналарына қатысты наразылық танытып отырғаны жасырын емес. Сол себепті де, жуық арада және қандай жолмен болмасын Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болу қазіргі таңдағы Жапония басшылығының ең маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Аталмыш мәселені жуық арада шешу билік басындағы қай партияның қолынан

келсе, сол партияның сайлаушылар арасында үлкен қолдауға ие болары сөзсіз. Ал қай үкімет басшысы осы мемлекеттік міндетті орындай алса, сол саясаткердің тарихи тұлға ретінде халық арасында үлкен абыройға ие болары сөзсіз. Сондықтан, Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше болу сұрағы көп жағдайда елдегі билік үшін күреспен де түсіндіріледі.

Осы ретте айта кетсек, ү.ж. 30 тамызда Жапония Парламенті өкілдер палатасы сайлауының нәтижелері бойынша мемлекетте саяси билікке жетіп, 16 қыркүйекте жаңа министрлер кабинетін құрған Жапонияның Демократиялық партиясының сайлау науқаны тұсындағы осал тұстарының бірі ретінде дәл осы мемлекеттің сыртқы саяси мәселелері аталғаны белгілі.

Дегенмен Жапонияның жаңа Премьер-министрі Ю.Хатояма жергілікті БАҚ-тарға берген баспасөз конференцияларында /6/ жаңа үкіметтің Ресеймен жуық арада территориялық мәселелерді тиімді түрде шеше алатынын айтып жүрсе, ал сайлау алдында ол Демпартия билік басына келген жағдайда жаңа үкіметтің АҚШ-пен

одақтастық қарым-қатынастар жүйесін қайта қарауға кірісетінін айтқан болатын. Алайда, жаңа Премьер-министрдің бұндай батыл баяндамалары ел ішінде сынға ілініп жатса, ал шетелдерде, әсіресе АҚШ пен Қытайда тіпті наразылық тудыруда.

Қалай болған күнде де, билік басында қай партияның басшысы, қай саясаткер болмасын, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты және толық құқықты мүшелікті қамтамасыз ету сұрағы Жапония мемлекеті сыртқы саясатының ең маңызды мәселелері мен ең басты бағыттарының бірі болып қала бермегі сөзсіз.

\*\*\*

1 Diplomatic Blubook [Summary]. Ministry of Foreign Affairs, Japan, 2008

2 «Асахи симбун», 12.09.2009

3 «Нихон гайко сандзю нэн» (30 лет японской внешней политики), МИД Японии, «Сэкай-но угоки ся», Токио, 1999

4 Накасонэ Ясухиро. После «холодной войны». – М., 1993.

5 Abe Shinzo. Beautiful Japan. – Tokio, 2006. – 232 p.

6 «Нихон кэйдзай», 23.02.2009

\*\*\*

## А.Е. Сериккалиева

### АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ КОНЦЕПЦИИ «КИТАЙ – ВАРВАРЫ» ЧЕРЕЗ ЭТНОГЕНЕЗ ХАНЬЦЕВ

На протяжении длительного периода истории Китая внешняя дипломатия осуществлялась именно в рамках оппозиции «мы – они», происходило развитие концепции взаимоотношений «срединные государства – варвары» или «Китай – варвары» (хуа – и), как частный, но и наиболее показательный случай её воплощения. В данной статье нам бы хотелось затронуть проблему взаимоотношений древнего Китая и «варваров», с точки зрения китаец-центристской концепции.

Для понимания особенностей формирования внешнеполитических доктрин Китая необходимо рассмотреть этногенез самих китайцев. Формированию древнекитайской этнической общности предшествовали сложные и длительные процессы антропо-, расо-, и глоттогенеза. Древние

этнолингвистические общности, находившиеся у истоков современных языковых семей Восточной Азии, складывались в эпоху мезолита (10-7 тыс. лет до н.э.). Что же касается дробления этих общностей и формирования этнических предков древних китайцев, то эти процессы относятся к неолитическому времени. Неолитические популяции, создавшие в конце 5 – начале 4 тыс. до н.э. развитую среднеолитическую культуру яншао в ее локальном варианте – баньпо, могут, по мнению М.В. Крюкова в книге, написанной в соавторстве, рассматриваться как одно из ответвлений племен, говоривших на сино-тибетских языках. В 4 тыс. до н.э. происходит значительное расширение ареала культуры яншао. На базе ее хронологически более позднего варианта – мяодигоу